



ИУДАИЗМ, ХРИСТИАНДЫҚ ЖӘНЕ ИСЛАМДАҒЫ 4000 ЖЫЛДЫҚ ІЗДЕНІС: ҚҰДАЙТАНУ БАЯНЫ

XVII–XVIII ғасырларда иудаизмдегі
ізденістер



Дәрістің мақсаты: вахабизмнің және Сауд мемлекетінің пайда болуы, сонымен қатар, иудаизмдегі жалған мәсіх туралы білу.

Сабақтың негізгі терминдері: вахабизм, нигилизм, пиетизм, хасидизм.

Ағартушылық және Шығыс. Сол кезеңдегі исламдағы діни түсініктің қай бағытта қалыптасқандығы туралы Батыс ғылымына ешнәрсе мәлім емес. К. Армстронг Дели қаласынан шыққан Индиялық сопы Шах Уалиуллаһ (1703–1762) жайлы айтады: бәлкім, жаңа рухты түсінген алғашқы адам еді. Ол мәдени жаһандануға күмән келтірген. Дегенмен мұсылмандардың мирасын қорғау үшін бірігетініне сенген ықпалды ойшыл еді. Шииттерді ұнатпаса да, сүнниттермен ортақ бір жол табу керек деп санайтын. Үндістанның жаңа шарттарымен үйлестіре түсу үшін шарифатты жаңартуға тырысты. Уалиуллаһ отаршылдықтың соңы немен бітетінін сезіп білгендей еді. Оның ұлы Англияға қарсы жиһадқа бастайтын еді.

Ағартушылық және яхудилік. Енді яхудилерде де жағдай мәз емес болатын. Испаниядағы мұсылмандардың жеңіліске ұшырауынан кейін, Инквизиция тарапынан қудаланған яһудейлер үйлерінен кетуге мәжбүр болды. Оларды бір қаладан басқа қалаға қуып, соңында Осман империясына көшуге мәжбүр етті. Мәселен, испан иудейлері – сефартым жаңа уақытқа дейін негізінен мұсылман әлемінде өмір сүрген. Каббаланың мистикалық ілімі жаппай таралды, өйткені ол яһудейлерге жұбаныш сыйлады. Каббала ашкеназилер арасында да тарады – еуропалық мемлекеттерде гетто есімді жерлерде өмір сүретін Орта және Шығыс Еуропаның иудейлері.

Қорқынышты хабар жақтастарын күйретіп кеткені күмәнсіз. Олардың көбісі бірден сенімнен тайған еді. Хахамдар жер бетінен ол туралы естеліктерді жоюға кірісті. Саббатай жайлы жазылған барлық хаттарды, кітапшалар мен трактаттарды жоқ қылды. Бүгін де осы Мәсіхтің жеңілісі яхудилерді ұялтады, оны сөз қылсаң шамданады. Хахамдар мен рационалистер оның мәніне бірдей көңіл бөлмейді. Сонымен қатар, соңғы кездері ғалымдар осы оқиғаның мәні мен масқара нәтижесін ұғыну үшін марқұм Гершом Шолемнің ізімен зерттеуге кірісті.

Саббатай Цви оқиғасының да түңілу мен дағдарысқа келуіне үлесі бар еді. Кейбір Украиналық яхудилер Ресей православ Шіркеуінде жайылған христиан пиетист қозғалысынан әсерленді. Яхудилер харизмалық діннің ұқсас түрін қалыптастыра бастады. Уәжд хәліне түскен, ойына келгенде өлең айтатын және дуа қылғанда қолдарын бұлғайтын яхудилердің хикаяларын түсіндіретін. 1730 жылдары осы уәжден жапа кешкен жандардың бірі – осы жүрек діні яхудилерінің даусыз көсеміне айналды және хасидизм деп танылған мектепті құрды.

Әлемді құтқару арманы кейде Хасидилерді әртүрлі әрекеттерге итермеледі. Мысалы, олардың көпшілігі темекіден құдай ұшқындарын алып тастау үшін темекі шекті. Бешттің немерелерінің бірі үлкен аулаға, әдемі жиһазға және гобелендерге ие болды және кез келген дүниелерді ол тек Құдайдың ұшқындарымен ғана алу мақсатында қолданды. «Бешттің ізбасары» басқа өнімдерден барынша көп ұшқын алу үшін көп тамақтануды жөн көрді. Дегенмен хасидизм өмірдің мағынасын қатал және дөрекі әлемде табу әрекеті болғаны анық».

Вахабизм – XVIII ғасырда Мұхаммед ибн Абд әл-Уаххаб құрған, Пайғамбар дәуіріндегі өмір үлгісі мен дінге қайтуды уағыздаған исламдағы бағыт.

Пиетизм – XVII ғасырда лютерандықта, кейін протестанттықтың басқа бағыттарында пайда болған догмалық ортодокске қарсы қозғалыс, олар екпінді шіркеу ережелеріне емес, ішкі дұғаға, белсенді махаббат және адамгершілік кемелдікке жатады.

Нигилизм (лат. nihil – ештеңе) – жалпы қабылдаған құндылықтарды терістеу: идеалдар, адамгершілік нормалар, мәдениет, қоғамдық өмір формалары.

Хасидизм (ивр. хасидут – «әділдік», сөзбе-сөз «тақуалық ілімі») – иудаизмдегі діни ағым, XVIII ғасырда Шығыс Еуропада кең тарады және Құдайды эмоциалық түсінуге ерекше мән береді.

Дербес жұмыстарға арналған тапсырмалар

1. Неге вахабизмді исламдық протестантизм деп атайды?
2. XVIII ғасырдағы геосаяси күресте вахабизм рөлі қандай болды?



Кітап: Иудаизм, Христиандық және Исламдағы 4000 жылдық ізденіс: Құдайтану баяны
Дәріс: 21. XVII–XVIII ғасырларда иудаизмдегі ізденістер

3. Христиандықтың пайда болуы мен Саббатейя Цеви қозғалысының ұқсастығы неде?
4. XVII ғасырдағы иудейлер неге messiандыққа бейім болды?
5. Якоб Франктың өмірі және қызметі туралы әңгімелеңіз.

Бақылау сұрақтары

1. Сауд мемлекеті қалай пайда болды?
2. Мұхаммед ибн ал-Ваххаб деген кім?
3. Гетто деген не?